

Қазақстан Республикасына ақ қант әкелуге кеден бажының ставкасын белгілеу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 17 маусымдағы N 669 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

Отандық қант өндірушілерді қорғау және ұқсатушы кәсіпорындарды жүктемелеу мақсатында "Қазақстан Республикасының импортталатын товарларға кеден тарифі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы 11 қаңтардағы N 1498 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ, 1994 ж., N 2, 14-бап) негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылғы 25 маусымнан бастап ақ қантқа 30 процент мөлшерінде импорттық кеден бажы ставкасы белгіленсін, код ТН СЭҚ 170199100.
2. "Тағам" мемлекеттік акционерлік компаниясы шикі-қанттан жасалған ақ қантты шарт бойынша Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне, консигнация шарттары негізінде 1 ай мерзімге Қазтұтынуодағына өткізетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі